

Ұлы Жеңіске - 50- Великой Победе



Газет 1948 ж.
20 көкегінен
шыға бастады

Қазақ университеті

№ 1 (1241)
бейсенбі
4 мамыр
1995 жыл

Годы, опаленные войной

К.И.НАРИБАЕВ, ректор университета

В первые же дни Великой Отечественной войны на фронт добровольцами из нашего университета ушли 287 преподавателей, сотрудников и студентов. Среди них будущий герой Советского Союза А. Попов, Ш. Кусанова, В. Фурсов и многие другие. всех перечислить нет возможности, но мы помним о них и в годовщину 50-летия со дня Победы над фашизмом особенно поздравляем наших ветеранов и искренне благодарим их!

В то суровое время жизнь университета была подчинена режиму военного времени. Ряд кафедр разрабатывали научные темы, связанные с нуждами производства, сельского хозяйства, оборонными заданиями военных ведомств.

Но не смотря на все трудности того времени, предметом особой заботы было сохранение и пополнение студенческого состава. После войны вернулась молодежь, которая впоследствии сыграла большую роль в развитии университета. Это академик НАН РК А.Т. Лукьянов, члены-корреспонденты НАН РК А.Ф. Шарифканов, Т.М. Масенов, В.А. Сапа и многие другие...

(Из выступления ректора в честь 60-летия КазГУ им. аль-Фараби)



Соғыс жылдарындағы университет тынысы

Суреттерде:

1. Университет ғалымдары бас қосқанда. (1943 ж.)
2. Малюков, Персидский граномётпен жаттығу үстінде. (1943 ж.)



Ол күндер оралмайды...

Ол күндерді ұрпақ есіне салу біз үшін парыз

Соғыс. Осы бір суық сөздің қаншалықты дененді дір еткізетінін біле білсек те соғыс жайлы әңгімелерді көп тыңдауға қуштармыз. Рас, елімізге аямай зиянды нұқсан келтірген алапат жылдарды көзбен көрмеген сонда бәлкім солай болар. Десең те, сол кездегі ерлікпен шайқасқан ерлеріміздің естеліктерін, белден от кешкен қияметін халыққа жеткізіп беру, біз үшін олардың алдындағы өтелген бір парыз болар. Соған сай мен де, Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыс жылдарында талай оқ пен оттың, қасірет пен қайғының қайнаған қазанына түскен ардақты әкейіміз Ғаббас Жұматов Жұматулының сұрапыл соғыс жылдарындағы өмір еткелдеріне көз жүгірткен едім.

барып орналасты. Мемлекеттік шекараға дейін қол созымай-ақ жер. Осылайша ел тыныштығын күзеткен совет жауынгерлерінің арасында Ғаббас Жұматулы да Отан алдындағы борышып абыроймен атқарып жүрген еді.

Осы жылдың 22-ші маусымы. Таңғы сағат төрт. Тынып тұрған танды астан-

кестенің шығарған немістердің аяқ асты атқылаған оқтары бейбіт жатқан елді дүрліктері оятты. Соғыс басталды. Ешкім де бұл-ай боларын білген жоқ. Жарылған снаряд, қарша жауған оқ, совет әскері жатақтарын қиратып-ақ жағты. Содан дереу полкті өз басшылығына алған кіші лейтенант П.В. Варламов

командирлік іс атқарып, полкты қаладан 3-4 шақырым жердегі ауылдарға қарай жылжытты. Оның соңынан ерген зенбірекшілер тобы да орман шетіндегі бекіністергі бекіне бастады. Бұл уақытта қатардағы қазақстандық жауынгер Ғаббас Жұматулы полктың 6-шы дивизиясының телефон байланышысы болатын. Ол қанша байланысқа түскенімен жоғарғы жақпен сөйлесе алмады. Өйткені біздің басшылар соғыстың басталғанынан хабарсыз болды. Соғыстың аты соғыс. Ақыры рация да істеуден қалды. Жейтін тамақ та таусылуға айналды. Осы кезден 8-батарея командирі еш ойлабастан радио байланысындағы бөлім адамдарын 152-ші зенбірекшілер тобына қосты.

Басталған соғыстың аласұрған ашы дәмін бөлім (Соңы 2-бетте).



Иә, Ғаббас Жұматулы 1941 жылы маусым айында Қызыл Армия қатарынан босатылудан біраз бұрын ВКП(б) кандидат мүшелігіне алынды. Бұл кезде олардың 204-ші атқыштар полкінің 6-шы дивизиясы оңтүстік Брест қаласына жақын

Университет в годы войны

Война внесла свои коррективы в учебные и научно-исследовательские планы университета. В 1942 г. из 31 научной темы более 20 были непосредственно связаны с нуждами промышленности и сельского хозяйства республики. Некоторые кафедры выполняли оборонные задания военного ведомства.

Коллектив кафедры неорганической химии под руководством доцента А.Б. Бектурова доказал, что из каратауских фосфоритов, запасы которых чрезвычайно велики, может быть получено фосфорное удобрение - термофосфат.

Кафедра неорганической химии Н.Воронцова взяла на себя разработку методов синтеза и производства лекарственных препаратов.

На кафедре общей физики было организовано производство кварцевых спектрографов. Вузовские

искали новые заменители сырья, вели работы по производству и регенерации запасных частей, оборудования, медикаментов.

Профессора и преподаватели КазГУ искали рациональные методы сжигания железных и марганцевых руд Атасуского месторождения, разработали способы быстрого и эффективного выщелачивания медных руд при помощи сернистого газа, сконструировали новый телионагревательный прибор с минимальным использованием дефицитного

кварца и т.д.

В общей сложности в КазГУ было выполнено более 200 научных работ содействовавших техническому прогрессу в угольной и химической промышленности, геологии и многих других отраслях народного хозяйства.

Лаборатории и мастерские университета освоили производство наркотозного эфира, глюкозы, соляной кислоты, хлорэтила, регенерацию радиоэлектрических ламп, производство рентгеновских пластин и т.д. Они ежемесячно выпускали сотни килограммов медикаментов, химикатов, 5 тыс. электроламп, 14 тыс. рентгенопластин. Эти работы получили высокую оценку военных.

Н.РЕЛИН



Ардагерлерге

Ардагерлер, Ардагерлер!
От болып Отан үшін жанған еңдер,
Ок болып та атылып қалың жауға,
Қан болып туған жерге тамған ерлер.

Майдангерлер - халықтың мақтаншы,
Жігер берген жанына от намысы,
Атойлаған, ерліктің аты ойынаған,
Фасырларға жалғасып жатқан ісі.

Бірге аттанып майданға, бірге өскендер,
Өрлік болып ұрпақпен тілдескендер,
Ерлер, сендер мәңгілік тірісіңдер,
Егімімен ел үшін еу кешкендер!

Б.ЖАҚЫПОВ



★ ҚазМУ-дың студенттері университет құрылысында (қазір мұнда ҚазМУ-дың физика факультеті орналасқан).

Ол күндер оралмайды...

(Соны Басы 1-бетте).

командирі, байланысшы Ғаббас Жұматулы осылай татқан еді.

Кескілескен ұрыс майдан шебін оттың жалынына көмді. Талай мәрте өңі суық неміс танкілеріне жанғыш бөтелкемен жолстарымен бірге қарсы шықты. Осындай аяусыз жан-қилы шайқастың бірінде ол өзінің Гончаров, Б.Сүлейменов деген достарынан да айрылды. Бірақ жас жауынгер қапша күйзелсе де мойымауға тырысты. Үздіксіз соғыстың кесірінен қатардағы жауынгерлерде күрт азайып кетті. Соның ықпалынан сержанттарды әр топқа командир міндетін атқаруға бөле бастады. Осы кезде Ғаббас Жұматулы да артиллерияның взвод командирі болып сайланды. Артынан өз мамандығы бойынша артиллериялық дивизиялық бөлім командирі болды. Тек 1942 жылдың

желтоқсанында ғана уақытша майданның алғы шебінен Томск қаласындағы артиллеристер даярлайтын училищеге оқуға қайтарылды. Оқуды бітірген соң Оңтүстік майданға (ақырын да 1-ші, 2-ші Украина майданына) 5-ші, Дон казактары кавалериялық Қызыл Ту корпусына баруы міндеті жүктелді. Ол Украина жерінде 150-ші танкі жойғыш зеңбірекшілер полкінің құрамында, өзінің жерлесі лейтенант Галмуллинмен бірге болды. Және Корсунь-Шевченко, Яско-Кишинёв маңындағы фашистердің ірі топтарын қоршап алып жоюда Румыния, Югославия, Венгрия, Австрияның бірқатар аудандарын азат етуге қатысты. Украинаның аудан орталығы Ольшанды, Комаровка, Лысянки, селоларын немістерден босатуда аяпбай шайқасты. Сондай-ақ, Венгрия астанасы Будапешт қаласын босатуға

да көп көмегін тигізді. Ғаббас Жұматулы соғыс өртің Австрияда аяқтады. Кеудесіндегі әлі күнге дейін жарқыраған екі Ұлы Отан соғысы ордені, 2-дәре-желі Қызыл жұлдыз, Венгр Республикасының "Алтын шеңбер", "Мәс-кеуді қорғау", "Будапешті алу медалдарымен", "Брест қамалын қорғау" юбилейлі медаль Ғаббас Жұматулының соғысты көрсеткен ерлігінің күәсі болады.

Соғыстан кейінде тынбай еңбек еткен ардагер әкей 1942 жылдан КПСС мүшесі. Қазір Қазақстан Республикасының Жоғарғы мектебінің еңбегі сінген қызметкері. Біз де осы орайда ардагер әкейлі Ұлы Жеңістің 50 жылдығымен құттықтап, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріңіз демекпіз.

Ж.СӘРСЕНБАЙ

ҚазМУ-дің ардагерлер кеңесінің төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ғаббас Жұматулы Жұматовтың өмір өткелдері осындай.



Майдангер - ұстаз Шагила Әкімбайқызы Қусанованың Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша наградалған "Құрмет" орденімен құттықтаймыз.

Шерткен сыры - шежіре

Тарих дөңгелегі өз соқпағын салауда. Артта - шежіре, алда - балашақ. Өткен күндердің шежіре-сыры болған Ұлы Отан соғысының жарты ғасырлық мерей-тойы бүгін

есік қақты. Тарих парактары күн санап кебейгенмен, сол соғыс ардагерлерінің қатары азаюда. Сол соғыстың ерлік символы болған жастар елі. Сол жастардың Отанға, елге деген патриоттық сезімі

ЖЕНІС туғырыл орнатыл еді. Сол жылғы жастар оң сегіз, оң тоғыздағы балауса еді. Сол балауса жастың бірі - университет қабырғасынан майданға аттанған 30 қыздың бірі Шагила Әкімбайқызы Қусанова. Мереке сәтіндегі Шагила апаңыз толғанысы мынадай:

ҚазМУ-дың филология факультетінің екінші курсыңда оқып жүргенде соғыс басталып, Ташкент қаласындағы 2 айлық радиостер курсына оқуға аттандым. Сол жылдың желтоқсан айынан Қырым губерні, Керчь қаласы. 1942 жылдың 19 ақпанынан Феодосияны азат етуге қатыстым. Мамыр айында Қырым майданынан Дюп майданына келдім. Осы жылы тамызда Дюп өзенін кешіп өтуге көрсеткен ерлігі үшін медальға не болдым. Оған әрі Сталинград майданында болдым. 1943-тің тамызында Харьков түбіндегі соғыста

болдым. Соңғы жорықтарым Днепр, Украина, Ворошилов... осылай жалғаса береді. 1944-тен Польша, Молдавия, Чехословакия жерін азат етуге қатыстым. Чехия жері арқылы неміс жеріне

келдім. 1944 жылы Висла, Одердегі соғыстарда болдым. Соғыстардағы ерлік елестей келмейді. Менде 3 орден, 18 медаль, бірнеше наградаларым бар.

Соғыстан оралғасын, 1949 жылы университетті аяқтап, аспирантураны бітірдім. Университетте көптеген жылдар партия тарихынан сабақ бердім. Қазір мамандар білімін көтеру институтының профессорымын. Ғылым жолындағы табысым - тарих ғылымдарының кандидаты, философия ғылымдарының докторы атағын иелендім. Жанғымда Жүсіпбек, Асқар, Қарлығаш атты үш бала тәрбиелеп, олардан Қорлан, Мерей, Медер атты немере сүйіп отырмын. Жолдасым Асылғазы Бекбаев бұрынғы әскери теңізілі, қырық жылдай мәдениет қызметкері болған жан.

Міне, 72 жасқа келсем де маған өзімнің түлеп ұшқан қара шаңырағым - ҚазМУ өте үлкен ұстазымдай көрінеді. Бұл республикадағы тұңғыш іргелі оқу орны, әрі әйгілі ғылым ордасы.

Г. СУЛТАНБАЕВА



Годы берут свое. Вот уже на пороге 50-летия Великой Победы. Полвека минуло с тех пор, как закончилась война. Чем дальше время отделяет нас от того памятного сорок пятого, тем меньше становится их - участников ратных и боевых дел. Ведь и с войны возвратились не все. К примеру, на первом курсе биофака КазГУ в 1939 году юношей было больше десятка. Вернулся в родной университет только Владимир Иванович Фурсов,

экзамены на звание офицера запаса. Скоро домой. Командование части обещало демобилизовать его в августе-сентябре. Однако... "Ровно в четыре часа утра нас разбудил невероятный силы грохот и шум. Сотрясались земля и мощные стены крепости. Двухэтажные нары, на которых мы спали, стали рушиться и мы, полусонные, стали падать друг на друга. В это время прозвучал взволнованный голос замполита

Защитник Брестской крепости

сов, ставший впоследствии известным в стране и за рубежом ученым-экологом.

Студента второго курса биологического факультета Казгосуниверситета Владимира Фурсова призвали в Красную Армию в январе 1940 г. До начала войны оставались еще год и шесть месяцев. Но кто из новобранцев об этом догадывался? Высадили их в городе Бресте, разместили в так называемом химворожке, расположенном в нескольких километрах от города и крепости. Владимир Фурсов и его восемь земляков-алмайтишцев попали в полковую минометную батарею. Начались усиленные занятия. Как-то незаметно прошло время, остались позади сданные экстерном

Петра Хализасва: "Братцы, война!"... за окном раздался сильный взрыв. В помещение полетели разбитые стекла. Несколько бойцов. Находящихся у окна, упали, а вместе с ними и Хализасва. Послышались стоны раненых." - вспоминает В. Фурсов. Страшное слово "война" Владимир Иванович услышал не из репродуктора, а познал вочию. Защищая Брестскую крепость, он был тяжело ранен и долго лечился.

Владимир Иванович Фурсов - профессор биологического факультета, заведующий кафедрой экологии и почвоведения этого факультета. Награжден орденом Ленина, другими орденами и медалями.

А. ТАРАКОВ





ЖЕҢІС КҮНІМЕН!

Соғыс жылдарының фотошежіресі

Барша халықтың қатал сыншысы болған Ұлы Отан соғысы жарты ғасырды артқа тастады. Соғыс жылдарының ызғарына шалдықпаған шаңырақ, талайына кезікпеген тағдыр бар ма екен. Жеңіс жолы осы қиын кезеңдерден тұрады. Ұлы Жеңіске ҚазМУ-дегілер де үлкен үлес қосты. “Біз әлемді сақтап қалдық, біз әлемді қорғадық,” – деп ардагерлер бүгінде мақтанышпен сыр шертеді. Жаудың оғы астында, тылда жүрген әрбір адам осынау жарқын күнді жақындатты. Жыл артынан жыл өтуде. Әйтсе де, осынау Ұлы да жарқын күн жайлы естеліктер де кастерлі, қасиетті. Ардагерлерімізге шын ниетпен мықты денсаулық, шадыман-шаттық, мол бақыт тілейміз. Ұлы мереке – Жеңіс күнімен!



1. Аты аңызға айналған Брест қамалын қорғаушылар, университет оқытушылары профессор В.И.Фурсов пен доцент Ф.М.Жұматов.

2. Математика факультетінің аспиранты Г.Деревянко соғыстың алғашқы күнінен майданға аттанды.

3. 1943 жылы биология факультетін бітірген тұлғалар.





С ДНЕМ ПОБЕДЫ!

Фотолетопись военных лет

Нет такого человека, который не сохранил бы в своей семье память о грозных годах войны. Она была суровым испытанием для единого народа. Немалую лепту в приближение великой Победы внесли и питомцы КазГУ. "Мы мир отстояли, мы мир сберегли", - с гордостью говорят наши ветераны. И под пулями врага, и в тылу, каждый, мобилизуя все свои силы, они приближали этот светлый день. Много коллизий произошло за последнее время, но память о подвиге миллионов святая, а святые не оскверняются дано никому.

Время неумолимо, все меньше среди нас тех, кто положил на алтарь Отечества свои силы и здоровье в годы войны. И страшный счет потерь, как долгое эхо войны, звучит до сих пор. Но наша память нетленна. Судьба каждого ветерана нам дорога и бесценна. Перед каждым из них мы в неоплатном долгу.

Здоровья крепкого, радостей земных, счастья безмерного - эти пожелания идут от всего сердца, из глубины души. С праздником, с Днем Победы!



1. Фронтная фотография на память.

2. На заседании химического факультета КазГУ обсуждаются научные планы.

3. Среди защитников Брестской крепости и города Бреста было немало казахстанцев. Среди них Т. Сатыбалдин, Г. Жуматов, К. Джангаров и О. Адибаев.

4. Взвод военного всеобуча в КазГУ.



Один из защитников Витебска

Великая Отечественная... Не обошла она стороной и коллектив Казахского Государственного Национального университета. За годы войны ушли отсюда на передовую 287 человек. В их числе был и Абдрашит Рахимович Ахметов.

В сентябре 1942 г. он был призван в Ашхабад, где закончил военно-пехотное училище.

В 1943 год в составе Краснознаменного 212 западного Стрелкового полка 11-й гвардейской армии под командованием И. Баграмяна он был направлен на Западный фронт. С ним связана вся его фронтовая жизнь.

Шло наступление в Витебском направлении. За него шли упорные бои, так как это был важный стратегический пункт. Если бы он достался немцам, то им бы открылся доступ на Витебскую дорогу. Сражались за каждый метр. Наши войска на шестой день дошли до окраин города. Участвовал в этих боях и Абдрашит Рахимович.

В боях в районе Козельска (Колужская область) он был тяжело ранен. После выздоровления работал в войскомат райцентра Чилик.

За участие в Великой Отечественной войне Абдрашит Рахимович Ахметов был награжден орденами Отечественной войны I и II степени, Дружбы народов и медалями.

Сегодня, портрет Абдрашита Ахметова украшает музей истории КазГУ. С нашим университетом связано вся его послевоенная жизнь. В 1946 г. он поступил в КазГУ. После окончания его здесь и остался. За свою трудовую деятельность он вырос от ассистента до профессора кафедры истории КПСС естественных факультетов КазГУ.

Сейчас Абдрашит Рахимович на заслуженном отдыхе. Он - персональный пенсионер республиканского значения.

А. ЕСДАУЛЕТОВ

Көптеген замандастарым сияқты менің де жалын атқан жастық шағым сум соғыстың сурапыл күндерімен туспа-түс көлді. 1942 жылы Мәскеудегі гидрометеорология институтын аяқтағаннан кейін, ерікті түрде ерлермен бірге майданға атандым. Жігер мен намысқа толы жорығым Сталинград түбінен басталды. Ол жерде ерлік пен табандылықтың ерен үлгісін көрсеткен талай қазақ жауынгерлері болғаны баршаға аян. Осындағы 5-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына қарайтын ушқыш-атқыштар экипажында метеоролог-бақылаушы болып орналастым. Сол

Оймен оралғанда...

География ғылымдарының кандидаты,
майдангер-метеоролог Татьяна Агеевна
ЕСІРКЕПОВАНЫҢ естелігінен

кезде өзімнің өмірлік сергім Байтұрсын Есіркеповпен тапшыстым.

Майлан күндеріне оймен оралғанда, талай оқиғалар тізбегі көз алдыма келеді.

1945 жылы елге жеңіспен оралғаннан кейін Байтұрсын Есіркеповпен дәм-тұзымыз жарасып, шаңырақ көтердік. Байкең "Октябрь балалары" (қазіргі "Ұлан") газетіне жұмысқа тұрды да, мен ҚазМУ-дың география кафедрасына аға оқытушының ассистенті болып орналастым. 1969 жылы

кандидаттық қорғап, шаңырақта бірнеше ұстаздық еттім. Байтұрсын екеуіміз бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірдік. Ұлымыз - биолог, қыздарымыздың бірі менің жолымды қуып метеоролог болса, екіншісі музыкант болды. Тек бір өкініштісі, Байкең 1982 жылы дүниеден озды. Бүгінгі тойлағалы отырған Ұлы Жеңістің жарты ғасырлық тойын көре алмай кеттім...

Мерекмен барша майдангерлерді, халқымызды құттықтаймын!

Майдангер журналист

Журналистика факультетінде дәріс берген оқытушы-ғалымдардың ішінде де Ұлы Отан соғысына қатысқандар аз емес. Майдангер журналистердің қатарында З.Тұрарбековті, С.С.Матвисенконы, Қ.Әбдірахмановты, Ю.К.Редкинді, Қ.Өтемісовті, тағы басқаларды атауға болады.

Солардың бірі - екі мәрте Қызыл Жұлдыз орденінің, II-дәрежелі Отан соғысы орденінің және 13 медальдың иегері Қабди Токтағанұлы Өтемісов.

Көптеген азаматтар мектеп кабарғасынан бірден майданға аттанып, 16-17 жасында әскер қатарына ілінді.

Соғыс басталғанда, мен небәрі 16 жаста болатынмын. Өкем майданға аттанғаннан кейін 8 класта оқуды тастауға мәжбүр болдым. 1942 жылдың ақпан айынаң аудандық қаржы бөлімінің салық агенті

ретінде жұмыс істей бастадым. Ал сол жылдың желтоқсан айында 17 жасқа толған соң, ерікті түрде майданға атандым. Қиын-қыстау небір күндер өтті бастан... Жауынгерлік жорығымды сонау Берлинде аяқтадым. 1950 жылдың маусымында ғана туған елге оралдым, - деп еске алады қарт майдангер.

Бұл күнде құрметті еңбек демалысында жүрген Қабди ағаның өмір жолы осындай.

ӘДІЛЖАН
УМБЕТ



★ Производственная лаборатория КазГУ. Анализ минерального сырья. 1943 г.

Есть еще порох в пороховницах

Тишина и покой царил после трудного дня. Никто не предвещал грозы, когда ты расселте послышался страшный шум, сначала негромкий, он перерос в рев самолетов. Проснувшиеся студенты стали выбегать из общежития, прикрываясь от стекла бывших окон. Было так неожиданно видеть в родном небе чужие самолеты. Кто-то закричал: "Это война!"

Так встретила Великую Отечественную Тамара Петровна Струц, бывшая студенткой I курса Киевской лесотехнической Академии. Утром парней и девчат забрали рыть окопы, а спустя пару недель девушек эвакуировали в Воронеж. А когда осенью немцы подступили к Воронежу, их группами разнези по разным городам. Тамара Петровна приехала в Алматы. На вокзале студенток уже ждали. Так, без отдыха и передышек, она попала в колхоз Дмитриевка, неподалеку от столицы, где вместе со своими подругами собирала свеклу, провевала пшеницу. В 1942 г., когда уже можно было продолжать учебу, Тамара Петровна навсегда связала свою жизнь с университетом. Это была воля случая, потому что в суматохе эвакуации



она потеряла все документы. Но однажды, гуляя по городу, она встретила знакомого профессора из Киева, который помог ей восстановиться, теперь уже в КазГУ на биологический факультет. Училась и одно время работала препаратором в лаборатории, получая каждый месяц по 300-400 граммов хлеба. Но не только здесь отдавала свои силы совсем юная девушка, в военном госпитале каждую свободную минуту от учебы она помогала раненым. Старалась делать все, что могло приблизить Победу. Тамара Петровна закончила биофак, затем осталась в КазГУ, поступив в аспирантуру. Долгое время работала на кафедре педагогики и психологии, сначала

ассистентом, потом старшим преподавателем и доцентом.

Однажды Тамара Петровна решила создать со студентами музей С. Кирова, чье имя долгое время носил университет. Но этого было мало для нее, тогда она стала переписываться со студентами-выпускниками КазГУ, с преподавателями. Так появился музей истории нашего университета. Он стал делом жизни для Тамары Петровны. В 1989 году она официально была назначена директором музея истории КазГУ.

Она так говорит: "КазГУ, музей - это мои 53 года жизни, это и есть моя жизнь, мой дом." "Жизнь не такая уж легкая," - улыбается Тамара Петровна, и добавляет: "Радости мало - держаться надо!" Эти слова словно ее девиз, и она постоянно поддерживает им ветеранов университета. Как говорится, есть еще порох в пороховницах. Тамара Петровна помогает им, работая в Совете ветеранов КазГУ им. аль-Фараби. Эта красивая женщина не воевала на фронте, не держала в руках оружие, но она внесла свой вклад на трудовом фронте. По крупинке собирая материалы своего музея, встречаясь с фронтовиками, как бы срослась она с этой великой памятью о войне. **Ж. ПЕРЗАДАЕВА**

Өткенді еске алсақ

Университеттен майдан даласына кеткен жастар ерліктің қайталанбас символындай еді. Сол жастардың бірі, проректор **Д. ВЕЧКУТОВ** жазбаларында өткен күндер ерлігі былайша хабарланған болатын.

Студенттік аудиториядан майдан даласына аттанған жауынгерлердің қаармандығы жайында проректор Вечкутов былай жазған еді: "Мен университеттен білім алып, тәрбиесін көрген, бұл күндері Сталинградтың айбынды қорғаушылары болып жүрген жауынгерлер туралы айтқым келеді. Попов жолдас қазір аға лейтенант, ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Демьяников жолдас, лейтенант немістің 4 тапкісін жойып жіберді, Үкімет наградасына ұсынылды.

Университет қабырғасынан майданға кеткен адамдардың жауынгерлік ерлік істері туралы шағын хабар осындай. Біз алағы уақытта жауды будан да күшті соққыға жығамыз деп жауынгер жолдастарымың атанан мәлімдеймін.

Студент КазГУ участвовал в штурме Рейхстага

Долгие месяцы и годы войны весь советский народ отдавал свои силы Победе. Кто-то мерз в окопах, кто-то по двадцать часов стоял у станка, кто-то защищал воздушное пространство. Но все они боролись ради жизни на Земле, ради Победы.

принял участие в боях под Москвой.

На всю жизнь запомнилось, как в декабре сорок первого, рано утром началось наступление на Солнечногорск. "Моя" бригада выдвинулась на исходный рубеж примерно в 35-40 километрах от Москвы... После небольшой артиллерийской подготовки по команде "Вперед, за Родину!" наш батальон по открытому заснеженному полю короткими перебеж-

ками начал наступление," - вспоминает ветеран войны.

Так он прошел босые крещения, а потом были - Сталинград, освобождение Варшавы, штурм Берлина. В тот должданный день Победы Страшников поставил и свою подпись на стенах Рейхстага.

После войны Николай Страшников окончил университет, аспирантуру и защитил диссертацию на ученую степень кандидата физико-математических

наук. Был деканом физического факультета, заместителем декана физико-математического факультета, более 10 лет выполнял обязанности заведующего кафедрой ядерной физики. В эти дни ветерану войны и труда Николаю Степановичу Страшникову исполняется восемьдесят лет. Мы поздравляем Вас с юбилеем и Днем Победы!

АЙБАР АЮПОВ



Все мечтали о том дне, когда падет Берлин - оплот фашизма. Мечтал, как и все, ныне ветеран войны Николай Семенич Страшников. С четвертого курса физико-математического факультета КазГУ ушел Н. Страшников на фронт. Попал в 35-ю стрелковую бригаду и в ноябре 1941 года

1941

50

1945

Отты жылдар шежіресі

Хроника военных лет

1941 жылдың 22 маусымында барша Совет адамдары сияқты университеттің студенттері мен оқытушыларының бейбіт еңбегі соғысқа байланысты күрт үзілді.

Майданға Лях, Скакун, Ахметов, Афанасьева, Бочкова, Дегутина, Майлыбекова, Пономарчук, Переверзев, Попов, Шлыков және басқа студенттер өз еркімен аттанды. Алғашқы голптың өзінде бірден үш жүзге жуық адам кетті.

Соған Қарамастан, университеттегі өмір жалғаса берді. Жұмыс "Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін" деген басты ұранмен жүріп жатты.

Университетте қалған оқытушылар мен студенттер әскери мамандықтың кем дегенде бір түрін меңгеруді міндеттенді.

Олардың госпитальдарға, колхоздарға, фабрикаларға көрсеткен көмектері елеулі болды.

Қазақ мемлекеттік университеті студенттерінің бастамасымен "Совет студенті" танк колоннасына қаражат жиналды.

Барлық жүргізілген ғылыми жұмыстар соғыс кезіндегі жағдайға ыңғайландырылды.

Ал, кейбір жаратылыстану факультеттерінің кафедралары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қоса майдан мен тылға қажетті өнім түрлерін өндіру жұмыстарымен де айналысады.

Соғыс өте ауыр сын болды, бірақ университеттің бүкіл ұжымы бұл сыннан абыроймен өтті.

Руководство университета взяло на себя заботу о жизни студентов и сотрудников. Две студенческие столовые обслуживали 300 иногородних студентов. Студенты получали 2-разовое питание, а сотрудники - одноразовое. ОРС университета имел 2 подсобных хозяйства: овоще-зерновое и плодово-ягодное.

И всё же предметом особой работы было сохранение и пополнение студенческих кадров. При университете были организованы 2 подготовительных отделения: одно - для тех, кто имел девятиклассное образование, другое - для лиц с семиклассным образованием.

В эти суровые годы резко возрос научный потенциал университета. Этот процесс стимулировали крупнейшие ученые страны, эвакуированные в Алматы. В годы войны в КазГУ работали многие академики наук СССР.

В КазГУ читали лекции видные казахские ученые К.Сатпаев, К.Жумалиев, С.Кенесбаев, А.Конратбаев, Т.Нуртазин, Б.Кенжебаев, С.Жиенбаев. В 1943 учебном году в университете числилось 2 академика, чл.корр. Академии Наук СССР, 20 профессоров и 32 доцента.

В 1942/43 учебном году КазГУ вновь перешёл на пятилетнее обучение.

Самоотверженно сражались за Родину студенты и преподаватели университета защитники Брестской крепости, ставшей символом мужества советских людей.

За годы войны из коллектива КазГУ им.Кирова было направлено на фронт 287 человек, среди которых 59 преподавателей, 52 административно-хозяйственных работника и 176 студентов, в том числе 30 девушек.


Сонда да естеліктер бізді мазалайды... И память нам покоя не дает...



ҚазМУ-дың соғыс және еңбек ардагерлері Ұлы Жеңіске арналған көрме жанында.



Соғыс ардагерлері ағаш отырғызуға. Солдан оңға қарай: Т.Струц, Ш.Қусанова, Т.Масенов



Құрылтайшы - Өл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік

Ұлттық университетінің ұжымы. Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық-ақпарат министрлігінің, тіркеу туралы №1242 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:

Алматы, Өл-фараби даңғылы, 71, телефоны: 47-06-00

Редактор Александр РОЖКОВ

Номерді дайындаған: Университеттің баспасөз орталығы

Ақылдастар алқасы: Л.С.Ахметова, Ж.Д.Дәдебаев, Ө.Д.Дербисалиев, Ю.А.Крикунов, З.А.Мансұров.

Тараламы - 1000 дана.